

XFTAP 15.21.51

Г.М. Карибаева, А.Ж. Қонысова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: sps-enu@mail.ru, karibaeva_gm@enu.kz)*

Әскери қызметтегі жас мамандардың кәсіби іс-әрекетіне бейімделуінің психологиялық ерекшеліктері

Аннотация. Аталмыш мақалада әскери қызметтегі жас мамандардың кәсіби іс-әрекетіне психологиялық бейімделудің мәні мен мазмұны ғалым зерттеушілердің ой-пікірлеріне негізделіп қарастырылады. Қазақстан Республикасының Қарулы күштері оның егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғау, әскердің беделі мен әскери қызметшінің мәртебесін көтеру өзекті мәселе болып отыр. Себебі, өкінішке орай қазіргі таңда мемлекетіміздегі елеулі өзгерістерге байланысты әскери қызметші маманының, жалпы Отан қорғаушының беделі едәуір төмендеді. Мұнда қоғамдағы құқықтық бастаулардың бұзылуы, әскери қызмет туралы бұрмаланған түсініктер. Отан тағдыры үшін өзіне жүктелген жауапкершіліктен қашу басты себеп болып отыр.

Сондай-ақ мақалада жеке тұлғаның психологиялық бейімделуінің формалары, типтері, тәсілдері жан-жақты талданады. Кәсіби бейімделуді анықтауға бағытталған зерттеу жұмыстарының нәтижелері берілген.

Түйін сөздер: қарулы күштер, кәсіби бейімделу, әлеуметтік- психологиялық бейімделу, әскери-кәсіптік іс-әрекет, фрустрация.

DOI: [https:// doi org/ 10.32523/2616-6895-2019-128-3-140-147](https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-128-3-140-147)

Қазіргі кезде әлеуметтік-экономикалық күрделі даму кезеңін бастан өткізіп отырған елдің бірі ретінде Қазақстан Республикасы қазіргі қоғамның талап-тілектеріне сай толықтай жауап беретін, жауапкершілік сезімі жоғары, шығармашылық белсенділігі мен адамгершілігі үндескен, интеллектуалдық қабілеттерін, бойындағы дара мүмкіндіктерін, өз іс-әрекетінде толықтай қолдана алатын жеке тұлға қалыптастыру мәселесі өзекті болып тұр.

Тұлғаның өнегелілік, адамгершілік сана-сезімін, әлеуметке деген қатынасын көрсететін мінез-құлықтары мен әдеттерін дамытудағы психологиялық механизмдерді аша отырып, тұлғаның сана-сезімінің қалыптасуын, психологиялық бейімделу шарттарын, ерекшеліктерін қарастырып зерттеу – бүгінгі таңда маңызды мәселелердің бірі, әрі бірегейі болып табылады.

Бейімделу әр түрлі факторлардың әсерінен болады – оған адамға басқа адамдардың мақсатты бағытталған тәрбиелік әсері, қоғамдық институттар және өмірлік жағдайлардың түрлі әсерін жатқызуымызға болады.

Бейімделудің психологиялық түрлі интерпретациялары бар. Біреулер үшін – бұл әлеуметтік мінез-құлықты үйрену, басқалар үшін – мәдени ортаның талаптарына сәйкес тұлғаның моделін қалыптастырса, үшіншілері үшін – топтағы «әлеуметтік қатынасуға» дайындық болып табылады.


Тұлға және оның әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің мәні мен мазмұнына байланысты ой-пікірлер тамырын тереңге жайған. Оның маңыздылығы жайлы Э. Роттердамский, К.А. Гельвеций, Д. Дидро, А. Дистервег, З. Фрейд, Д. Дьюи, Э. Торндайк, П.П. Блонский, Л.С. Выготский, Л.И. Божович, С.Л. Рубинштейн, В.В. Давыдов және т.б. зерттеген.

В.А. Ядов, Б.Г. Ананьев, А.Н. Леонтьев, А.Г. Спиркин, И.И. Чесноков еңбектерінде психологиялық бейімделу тұлға дамуының мәселелері контекстінде жалпы теориялық және әдіснамалық тұрғысынан талданады.

Құндылық бағдарымен тұлғаның бейімделуі өте тығыз байланысты. Ресей психологы М.Т. Журавлев бейімделу құндылық бағдардың адам өмірінде, қарым-қатынасында, мінез-құлқында қызығушылыққа айналуы деп түсіндірген.

И.С. Конның еңбектерінде психологиялық бейімделудің философиялық, жалпы және әлеуметтік-психологиялық, тарихи-мәдени аспектілері, теориялық мәселелері мен нақты эксперименталды алынған талдаулары қарастырылады[1, 2246]. Сонымен қоса У. Джеймс, К. Роджерс, Р.В. Бернс, Э. Берн еңбектерінде де өзіндік санаға, бейімделуге қатысы бар әр түрлі көзқарастар да жетерлік.

Бейімделу – ағзаны зерттеудегі негізгі түсініктердің бірі, себебі эволюция үрдісінде қалыптасқан бейімделу механизмдері ғана үнемі өзгеріп отыратын орта жағдайларында ағзаның өмір сүруін қамтамасыз етеді. Бейімделу арқасында ағза жүйелерінің қызмет етуі жүзеге асырылады және «адам-орта» арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізеді. Француз физиологы Клод Бернардың ағзаның ішкі тұрақтылығы жайлы тұжырымдамасын ұсынған зерттеу жұмыстарында бейімделу динамикалық құрылымдардың жиынының және тепе-тең емес жүйелердің арасындағы қатынасы ретінде қарастырылады. Бейімделу туралы қазіргі таңдағы түсініктер И.П. Павловтың, И.М. Сеченовтың, П.К. Анохиннің жұмыстарына негізделген. Бейімделу феноменінің анықтамалары көптігіне қарамастан оның бірнеше негізгі түрлері бар, оның бірі:



Бейімделу кез-келген тірі ағзаға тән қасиет болғандықтан, ол адамға да тән екені белгілі. Бірақ адам – тек тірі ағза ғана емес, ол ең алдымен биоәлеуметтік жүйе және әлеуметтік макрожүйенің элементі болып табылады. Сондықтан адам бейімделуінің мәселелерін қарастырғанда мынандай үш функционалды деңгейді қарастырамыз:



сонымен қатар тұлғаның бейімделуге бейімделу қабілеті бар болуы мүмкін деп қарастыруымызға да болады.

Бейімделу түсінігі ағзада жүретін үрдістердің жиынтығын, ағзаның құрылымының бүтіндігі мен оның дамуын, дұрыс қызмет атқаруын түсіндіретін функционалды күй түсінігімен тығыз байланыста. Функционалдық күй дәрежесі жоғары болған сайын адамның жұмысқа деген қабілеттілігі де арта түседі. Бұл жағдай әскери-кәсіптік іс-әрекетте маңызы ерекше болып табылады, себебі соғыс алаңында қарсыласына қарағанда жұмысқа қабілеттілігі жоғары әскери қызметшінің артықшылығы мол екендігі айқын. Ағза жүйелерінің дұрыс қызмет атқару дәрежесі бейімделу тиімділігімен анықталады. Бұл тиімділікті қалай анықтауымызға болады?

Тірі ағза өз-өзін реттеуші көп деңгейлі жүйе. Бұл жүйенің басқарушы механизмдері – орталық және вегетативтік жүйесі, ал ағзаның қалған басқа жүйелері басқарылатындарға жатады. Дәл осы орталық жүйе жүйесі ағзаның жалпы функционалдық күйін анықтайды [2, 6 б].

Ағзаның функционалдық күйінен субъективті және объективті құраушыларын ерекшелік көрсетуге болады. Бұлардың біріншісі мотивациялық тәртіпті, ал екіншісі жүйелердің тепе-теңдік қалпының адамның функционалдық күйінің субъективті жақтары (психикалық құраушылары) жетекші болып табылады, себебі бейімделушілік қайта қалыптасулар кезінде субъективті жақтары объективтілерін көп жағдайда артта қалдырады.

Субъективті жақтар деп отырғанымыз – тұлғалық қалыптасуларға жататын уайымдауларды қоса алғандағы психикалық құбылыстар. Тұлғаның осы ерекшеліктері адам ағзасының сыртқы ортаның немесе кәсіби іс-әрекеттің реттелуінің тұлғалық қағидасы қазіргі кезде жалпыға таныс. Яғни, қалыптардың қалыптасуы көбінесе адамның өз-өзіне, қоршаған ортаға және де өз іс-әрекетіне қатынасына байланысты.

Адам тұлғасының ерекшеліктері іс-әрекеттің жаңа жағдайларына бейімделуінің табыстылығын ғана анықтап қоймай, сонымен қоса оған ағза жүйелерінің қалыпты қызмет атқаруының сипатын, оның жұмысқа қабілеттілігінің дәрежесін анықтайды.

Эксперименталды психологиялық зерттеулер әскери-кәсіптік іс-әрекет жағдайларына тиімді бейімделу үшін алдыңғы қатарлы мәнге ие тұлғалық қасиеттер жиынтығын тұлғалық бейімделу потенциалы деп атаймыз. Бейімделу потенциалы неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым әскери қызметші қатаң жағдайларда өзінің кәсіби міндеттерін табысты орындай алатындығы хақ [3, 101б].

Тұлғаның өз-өзіне баға бере алуы бейімделу табысты болу үшін маңызы зор. Өз-өзіне баға беру адамның қадағалау жүйесінің орталығы және көп жағдайларда негізгі психикалық үрдістердің функционалдылығы осыған тәуелді екендігін де білеміз. Өзіне төмен баға беру теріс психикалық күйлерді сипаттайды. Өзін төмен бағалаушылар әрдайым қобалжығыш, тұрақсыз, апатиялы, тез шаршағыш, өмірге деген құлшынысын жиі жоғалтқыш, болашағын болжауды білмейтін және өз-өзін жоғары, дұрыс берілген бағалау психиканың сау екендігін дәлелдейді.

Әскери қызметшінің табысты әрі оңай бейімделуіне, сонымен қоса, айналасындағылардың оған деген қарым-қатынастарына да байланысты болады. Айналасындағылардың көзқарастары оң болмаса, бейімделу үрдістерінің жүруі де қиындай түседі [4, 253б]. Субъективті деңгейде бұл айналасындағылар жағынан демеу (әлеуметтік демеу) ретінде немесе басқаларға өзінің керектігін (референттілігін) сезіну арқылы көрінеді. Өзінің қажеттілігін сезіну және әлеумет жағынан қолдау табу белсенділікті оятып, теріс мінездердің бетін алуға септігін тигізіп қана қоймай, өз кезегінде бұл жаңа жағдайларға бейімделудің табыстылығын арттыратыны анық, ал өзінің ешкімге қажет еместігін сезіну, керісінше, бейімделу үрдісінің қиындауына әкеп соғады, теріс мінездемелердің көбеюіне, соның ішінде жүйкелік-психикалық тұрақсыздыққа әкеледі [5, 88б].

Әскери-кәсіптік іс-әрекет жағдайларына бейімделу үрдісін айқындайтын тағы бір сипаттама – тұлғаның коммуникативті қасиеттері болып табылады. Адам әрдайым басқа адамдардың ортасында болатындықтан оның іс-әрекетінің табыстылығы қарым-қатынас орната алуына да байланысты болып келеді.

Коммуникативті мүмкіндіктер немесе айналасындағылармен қатынас орната алу және өзара түсінушілікке қол жеткізе алу мүмкіндігі әр адамда әр түрлі екендігі анық. Олар қарым-қатынас кезінде қажеттілігі мен тәжірбиелігі, сонымен қатар, психологиялық ерекшеліктерімен анықталады. Адамдар ара-қатынасында қатынас орната алу қағидасының маңызы да өте зор. Бұл қағида тұлғаның басқа адамдарға қатынасын айқындайды: біреулер өздерін айналасындағыларға қарсы қойса, кейбірі, керісінше, салыстырмалы түрде жұмсақ, ал кейбірі ашулы, тағы басқалары тез тіл табысқыш болып келеді [6, 39 б].

Бейімделу үрдісінің маңызды жақтарының бірі – белгіленген әлеуметтік мәнділікті дұрыс қабылдау қабілетін анықтайтын әлеуметтену екендігін жақсы түсінеміз. Қарулы Күштердің қатарына қабылданғаннан кейін не келісім-шарт бойынша әскери қызметке тұрған индивидтің әлеуметтік рөлі біршама өзгеріп, артады. Оның Отанның қаруланған қорғанысы болуы, оған тек белгілі бір міндеттерді артып қана қоймай, одан қандай да бір нақты әлеуметтік рөлді атқаруын міндет етеді. Көптеген еңбек, әскери, шығармашылық және т.б. әріптестер оң құрылымдар болатындығын айтқан жөн, яғни жалпы адамзаттық салттар, жалпыға ортақ тәртіп нормалары негізінде құрылады. Сонымен қатар адамның тәжірбиелік іс-әрекеті әлеуметтік маңызға ие тәртіп нормаларын сақтауға ғана емес, онымен қоса тікелей әлеуметтік ортаның талаптарын орындауға да міндетті [7, 116 б].

Зерттеудің пәні болып әскери қызметтегі жас мамандардың кәсіби іс-әрекетіне бейімделуінің психологиялық ерекшеліктері табылады. Зерттеудің объектісі болып жас мамандардың кәсіби іс-әрекетіне бейімделуін қарастырамыз. Зерттеуге 21-26 жас аралығындағы 28 әскери қызметші алынды.

Зерттеу әдістері ретінде:

1. «Жеке тұлғаның алаңдаушылықты анықтау шкаласы» сауалнамасы;
2. Розенцвейгтің суреттік тесті;

Сондай-ақ сауалнаманы бөлімше мен зерттелуші әскери қызметшілердің жалпы мінездемесін анықтауда қолданды [8, 193 б].

№1 тест. Т.А. Немчины дайындап, кейінірек оны В.Г. Норакидзе өзгерткен. Сауалнама жеке тұлғаның психикалық алаңдаушылықтарын, әртүрлі тітіркенгіштіктерге психологиялық реакцияларын сонымен қатар өз-өзін бағалауын өлшеуге арналған 60 сұрақтан тұрады.

Сондай-ақ сауалнама «жалған шкала»-сымен толықтырылған, бұл сыналушының немқұрайлы жауап бергендігін анықтай аламыз. Аталмыш шкала 10 сұрақтан тұрады, бұл арқылы бізге сыналушы қаншалықты қойылған сұрақтың мәнін түсініп, қаншалықты өзінің шынайы реакцияларын жасыра алатындығын көрсетеді.

№2 тест. Психологияда бұл әдіс арқылы: агрессия, идентификация, проекция, қиял, регрессия, апатия, фиксация, рационализация, компенсация сынды күшті тітіркендіргіштерге реакциялары зерттеледі. Розенцвейг әдістемесі проективті тесттер қатарына жатқызылады. Оны қолдану барысында қиялдан шығарылған жағдаяттар беріліп, оның әрқайсысы арқылы сыналушы өзіндік қабылдауын және осы жағдайға өзіндік бағасын беруге тиіс.

Тест 24 схемалы-контурлы суреттен тұрады. Әр суретте бітпеген әңгіме үстіндегі екі немесе одан да көп адам бейнеленеді. Сондай-ақ он алты жағдайда сыналушының алдында кедергілер кездеседі; сегіз жағдайда сыналушы белгілі-бір жағдайға айыпталады. Сыналушы репликаны аяқтау қажет, ойдан шығарылған жағдайда «басқа үшін жауап беру арқылы», ол өзінің ойын ашық, жеңіл түрде жеткізіп, кикілжіңді жағдайдан оңай шыға алады.

Берілген әр жауап Розенцвейг теориясына сәйкес екі өлшем бойынша, яғни: реакцияның бағыты бойынша (агрессия) және реакция типі бойынша бағаланады.

Реакцияның бағыты бойынша жауаптардың өзі бірнеше бөлімшелерден тұрады. Олар:

А) Экстрапунитивті: бұл реакция тірі және өлі қоршаған ортаға бағытталған, фрустрацияның сыртқы себебі айтылады, фрустрациялық ситуация деңгейі анықталады, кейде жағдайды басқа адамның шешкендігін талап етеді.

Б) Интропунитивті: бұл реакция тікелей өзіне бағытталған, кінәсін мойындау немесе туындаған мәселеге жауапкершілік алу, фрустрациялық ситуация айыпталмайды. Сыналушы фрустрациялық ситуацияны толығымен қабылдайды.


В) Импуниваті: фрустрациялық ситуация болмашы немесе міндетті түрде болатын деп қарастырылады, уақыт келе шешілетін, қоршаған орта мен өзіне деген айып болмайды.

Сонымен қатар, реакция типтік тұрғысынан да бөлінеді.


А) Кедергілі-доминатты. Реакцияның типі «фиксациядан кедергіге». Фрустрацияны туғызатын кедергі, қолайлы, қолайсыз, елеуіздігіне қарамастан бағаланады.

Б) Өзін-өзі қорғаушылық. Реакцияның типі «фиксациядан қорғанысқа». Өзінің кінәсін мойындау немесе жоққа шығару, айыптан қашу, өзіндік «менін» қорғау.

В) Табандылық-қажеттілігі. Реакцияның типі «фиксациядан қажеттілікті қанағаттандыруға». Кикілжіңді жағдайда әрдайым конструктивті шешім іздеу, немесе басқа адамнан көмекті талап ету және жағдаятты өзінше шешу.



Екі талдауға сәйкес, 24-26 жас аралығындағы мамандарда бейімделу көрсеткіш деңгейі 40%, жоғары 35%, орташа 20%, төмен 15% құрайды. 21-23 жас аралығындағы мамандарда бейімделу көрсеткіші төмен, мамандардың тек 10%-да ғана өте жоғары, жоғары 10%-да, 40%-да орташа, 40%-да төмен.



Розенцвейгтің суреттік тестінің нәтижелерін қарастырайық. Зерттеу барысында 24-26 жас аралығындағы мамандардың бейімделуі өте жоғары деңгейі 30%, жоғары 15%, орташа 35%, төмен 20% құрайды. 21-23 жас аралығындағы мамандардың тек 15%-да ғана өте жоғары бейімделген, мамандардың 16%-да жоғары, 24%-да орташа, 15%-да төмен.

Қарулы күштер – қазіргі қоғамның іргелі, бөлінбейтін бөлшегі екені анық. Оларды дамуы мен қалыптасуы сол қоғамның даму деңгейімен байланысты болады. Бірақ, тарихи жағдайлар мен әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге қарамастан, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ең басты міндеті Отанымыздың шекарасын қорғау болып қала береді.

Қарулы Күштер офицері қай лауазымда отырса да, заманауи ұрыс тәсілдерін біліп, әскери техникаларды жетік игеріп, кәсіби қызметті жемісті атқаруға қажет болатын психологиялық білім деңгейін игеруі тиіс. Бұл қазіргі таңда Қарулы Күштерде психологиялық білімсіз қызмет атқару қиындығын көрсетеді. Қарулы Күштерді құрудың өзекті міндеттері – бөлімдер мен бөлімшелерді сапалы құраммен қамтамасыз ету. Осы міндетті шешу кәсіби психологиялық іріктеу арқылы жүзеге асады. Тағы бірден-бір өзекті мәселе ұрыстық және басқа да жағдайларда әскери қызметшілердің кәсіби қызметін жемісті атқару болып табылады. Бұл міндетті бөлім мен бөлімшелердің жеке құрамының кәсіби қызметі психологиялық әдістер көмегімен жүзеге асырылып отырады. Заманауи офицерлер жақсы психологиялық дайындықты қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Қарулы күштері оның егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғау, әскердің беделі мен әскери қызметшінің мәртебесін көтеру өзекті мәселе болып отыр. Себебі, өкінішке орай қазіргі таңда мемлекетіміздегі елеулі өзгерістерге байланысты әскери қызметші маманының, жалпы Отан қорғаушының беделі едәуір төмендеді. Мұнда қоғамдағы құқықтық бастаулардың бұзылуы, әскери қызмет туралы бұрмаланған түсініктер. Отан тағдыры үшін өзіне жүктелген жауапкершіліктен қашу кәсіби бейімделуде қиындықтарды туғызудың басты себебі болып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Алдамұратов Ә. Жалпы психология.-Алматы: «Білім», 1996.-224 б.
2. Маклаков А.Г. Общая психология. – СПб., 2001. - 592 с.
3. Основы военной психологии и педагогики. – М.: Воениздат, 1988. -101 б.
4. Психология личности. Учебное пособие/под ред. П.Н.Ермакова, В.А. Лабунской. – М.: Эксмо, 2007. – 253 б.

5. Психология и педагогика. Военная психология: учебник для вузов / Под ред. А.Г.Маклакова. – СПб: Питер, 2005. -88 б.
6. Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А. Психологические проблемы готовности к деятельности. – М., 1974. -39 б.
7. Столяренко Л.Д. Основы психологии. Практикум / Ред.-сост. Л.Д.Столяренко. Ростов н/д: Феникс, 1999. -116 б.
8. Альманах психологических тестов. Под ред. Р.Р. и С.А. Римских. - М., 2005. - 193 б.

Г.М. Карибаева, А.Ж. Коньсова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

**Особенности психологической адаптации молодых специалистов на военной службе
к профессиональной деятельности**

Аннотация. В данной статье на основе изучения трудов ученых рассматриваются сущность и содержание психологической адаптации молодых специалистов на военной службе к профессиональной деятельности. Одними из актуальных проблем являются защита суверенитета и территориальной целостности страны Вооруженными силами Республики Казахстан, а также повышение репутации армии и статуса военнослужащих. К сожалению, репутация военнослужащего и защитника Отечества в целом значительно снизилась в связи с большими изменениями в нашей стране. Сюда можно отнести свертывание правовых начинаний, искаженные представления о военной службе. Главная причина – уход от ответственности за судьбу Родины.

Таким образом, в статье с разных сторон анализируются формы, типы и приемы психологической адаптации личности. Представлены результаты исследовательских работ, направленных на выявление уровня профессиональной адаптации молодых специалистов.

Ключевые слова: вооруженные силы, профессиональная адаптация, социально-психологическая адаптация, военно-профессиональная деятельность, фрустрация.

G.M. Karibayeva, A.Zh. Konysova

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

**Features of the psychological adaptation of young specialists in military service
to professional activity**

Abstract. In this article, the essence and content of psychological adaptation to the professional activities of young military professionals are based on the views of scholar researchers. The main goal of the Armed Forces of the Republic of Kazakhstan is the key issue of protecting their sovereignty and territorial integrity, the reputation of the army and the status of military personnel. Unfortunately, the reputation of the serviceman and the Defender of the Fatherland has declined due to significant changes in our country. The main reason is avoiding responsibility for the fate of the motherland.

Thus, the article analyzes the forms, types and techniques of psychological adaptation of individuals. The results of research work aimed at identifying the level of professional adaptation of young specialists are presented.

Keywords: military establishment, professional adaptation, socio-psychological adaptation, military professional activity, frustration.

References

1. Aldamuratov Ә. Zhalpy psihologiya [General psychology] (“Bilim”, Almaty, 1996, 224 p).
2. Maklakov A.G. Obshaya psihologiya [General psychology] (SPb, 2001, 592 p).
3. Osnovyi voennoi psihologii I pedagogiki [Fundamentals of military psychology and pedagogy] (Military Publishing, 1988, 101 p).
4. P.N.Ermakova., V.A.Labunskoy. Psihologiya lichnosti [Psychology of personality] (Eksmo, 2007, 253 p).
5. A.G. Maklakova. Psihologiya I pedagogika. Voennaya psihologiya [Psychology and pedagogy. Military Psychology: a textbook for universities] (Piter, SPb 2005, 88 p).
6. Dyachenko M.I., Kandybovich L.A. Psihologicheskie problem gotovnosti k deyatel'nosti [Psychological problems of readiness for action] (Moscow, 1974, 39 p.).
7. Stolyarenko L.D. Osnovyi psihologii [Basics of psychology] (Phoenix, Rostov n/d, 1999, 116 p).
8. Almanah psihologicheskikh testov [Almanac psychological tests] (Ed. R.R. and S.A. Rimckij (Moscow, 2005, 193 p).

Авторлар туралы мәлімет:

Карибаева Г.М. – п.с.ғ.к., әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының, профессор м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан.

Қонысова А.Ж. – әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының психология мамандығының І курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан.

Karibaeva G.M. - Candidate of Psychological Sciences, Acting Professor of the Department of Social Pedagogy and Self-Knowledge, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkeevich str.,6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Konysova A.Zh. – Master degree Student of I course in Psychology specialty of the Department of Social Pedagogy and Self-Knowledge, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkeevich str., 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.